

## Жалағаш ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 27 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 ақпанда № 6706 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалағаш ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) “Жалағаш ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 116 қаулысы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5541 болып тіркелген , 2016 жылғы 29 маусымда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2016 жылғы 7 шілдеде “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) “Жалағаш ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 191 қаулысымен бекітілген Жалағаш ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5975 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш ауданының әкімі*

*Қ.Сәрсенбаев*